

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ
САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
САНИТАРИЯЛЫҚ ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ
САНИТАРИЯЛЫҚ ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ
БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ
БАС МЕМЛЕКЕТТІК САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО
КОНТРОЛЯ ГОРОДА ШЫМКЕНТ
КОМИТЕТА САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО
КОНТРОЛЯ
МИНИСТЕРСТВА ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ САНИТАРНЫЙ ВРАЧ
ГОРОДА ШЫМКЕНТ

ҚАУЛЫСЫ

2021 ж. 01.05

Шымкент қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 12

город Шымкент

Шымкент қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Мен, Шымкент қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Абдиманап Кошкарлович Тулебаев, Қазақстан Республикасының 2020 жылдың 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 104 бабына, «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67 қаулысына (бұдан әрі - ҚР БМСДҚ №67), «Карантиндік шектеу шаралары және оларды кезең-кезеңмен жеңілдету туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №68 қаулысына (бұдан әрі - ҚР БМСДҚ №68), «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі жүргізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 27 қаңтардағы №3 қаулысына (бұдан әрі - ҚР БМСДҚ №3), «Кәсіпкерлік объектілерінде «Ashyq» мобильдік қосымшасын енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі №18 қаулысына (бұдан әрі - ҚР БМСДҚ №18), «Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидаларын және пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №293/2020 бұйрығына сәйкес, COVID-19 сырқаттанушылығының өсуіне және вирустық пневмония ауруының тіркелуінің жалғасуына байланысты және халық арасында коронавирустық

000040

инфекцияның таралуының одан әрі алдын алу мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. «Шымкент қаласының аумағында коронавирустық инфекцияның таралуын алдын алу іс шараларын күшейту және карантин режимін ұзарту туралы» Шымкент қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 19 сәуірдегі № 9 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 5.7 тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5.7. "Ashyq" жобасына қатысатын субъектілерінің нысандарына шектеулер мен рұқсаттар «Кәсіпкерлік объектілерінде «Ashyq» мобильдік қосымшасын енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі №18 қаулысына сәйкес қойылсын;

2) №1 қосымшаның 19 тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

19.	Жеткізумен және әкетуге жұмыс істейтін қоғамдық тамақтану объектілері, фудкорттар, сонымен қоса дүңгіршектер, оның ішінде піскен тағамдарды, фастфуд, жұмсақ балмұздақ, сусындар сататын орындары.	Әкету мен жеткізу қалыпты режимде. Фудкорттар тек әкетумен және жеткізумен жұмыс жасайды.
-----	--	---

3) №1 қосымшаның 45 тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

45.	Зоосаябақ	Қалыпты режимде, зоосаябағының аумағында орналасқан аттракциондардың жұмысын тоқтатумен.
-----	-----------	--

2. Күші жойылды деп танылсын:

1) Шымкент қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 21.04.2021 жылғы №11 қаулысы;

2) Шымкент қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 23.04.2021 жылғы №12 қаулысы.

3. Осы Қаулы бұқаралық ақпарат құралдарда жариялансын, барлық мүдделі ведомстволар мен ұйымдардың назарына жеткізілсін және әлеуметтік желілер арқылы таратылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылауды өз құзырымда қалдырамын.

5. Осы Қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

**Шымкент қаласының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері**



А.Түлебаев